

**Кемербастау ауылдық округіне қарасты Кемербастау, Мәнтай Жәрімбетов атындағы, Алғабас ауылдарының, Майлыкент ауылдық округіне қарасты Т.Рысқұлов ауылының шекараларын өзгерту туралы**

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2008 жылғы 13 мамырдағы N 7/3-04 шешімі және Түлкібас ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 13 мамырдағы N 234 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 29 мамырда N 14-14-51 тіркелді

*" Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".*

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабы 5-тармағына, 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабы 3-тармағына сәйкес және Кемербастау, Майлыкент ауылдық округтері әкімдерінің пікірлерін ескере отырып, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**, Түлкібас аудандық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Кемербастау ауылдық округіне қарасты Кемербастау ауылындағы Т.Балтабаев көшесінің оң жағында орналасқан 5 га жері Кемербастау ауылының жері ретінде, Алғабас ауылындағы ескі алма бауына іргелес жатқан 6 га жері, ескі сүт-тауарлы ферманың орны 4 га жері Алғабас ауылының жерлері ретінде, Мәнтай Жәрімбетов атындағы ауыл маңындағы 1,98 га ескі қырманның орны Мәнтай Жәрімбетов атындағы ауылының жері ретінде, Майлыкент ауылдық округіне қарасты Т.Рысқұлов ауылының шекарасы жер шаруашылық орналастыру жоспары бойынша (қосымшаға сәйкес) осы ауылдың жері ретінде пайдалану үшін өзгертіліп, шекараларына енгізілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Қ. Нұрлыбаев*

*Түлкібас ауданының әкімі*

*Е. Сарманов*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*С. Қалдыкөзов*